



ПИОНЕР



Кімнің коньки жақсы?

П. Редьконын фотоэтиді.



Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің пионерлер мен мектеп оқушыларына арналған әдеби-көркем және публицистикалық журналы

Айына бір рет шығады.

Шығуына 19 жыл.

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ.

БАҚЫТ КІТАБЫ ТУРАЛЫ БАЛЛАДА

Хауіп-қатер үстінде боп бұл жалған,
О, балалар, артта қиын жол қалған.
Инженердің дипломы қазіргі
Солдаттардың қаныменен қорғалған.

Оқта өстік, отта өстік шынығып,
Ол күндердің бола алмайды бірі ұмыт.
Айтар еді талай қызық әңгіме
Со бір солдат түрегелсе тіріліп.

Оқасы жоқ, ол кездерде жас болсаң,
Соғыс деген суық сөзден жасқансаң.
Ауыр күна, еске алмасаң солдатты
Бүгінгі күн кеуде қағып мақтансаң.

Қалдың ба әлде бұл сөзіме тосырқап,
Мақтаншақтан болғайсың сен, досым, сақ,
Сенің үшін кеше солдат су кешті,
Сақта оны көкірегіңде, жас ұрпақ.

Білсін олар кезсе мектеп залдарын,
Білсін олар тапса бүгін арманын.
Сол арманды, сол залдарды қорғаған
Қарапайым қасиетті жан барын.

Олар мүмкін біздерменен бір жүріп,
Қоср ма еді әзілімен күлдіріп.
Біреулері ұшар мүмкін айға да,
Алдағысын айта алады кім біліп.

Біздер үшін олар кеше көз ілсе,
Сен өмірін жалға оның өзінше.
Өлген жанның хикаясын жырлайын,
Ерсі болмас мақтамасаң көзінше.

II

Шабуылдың қағылды да дабылы,
Аттанды әңжей намыс пенен ар ұлы.
Орта жолда қайран солдат құлады,
Осы жерден қазыла ма қабірі!

Қайран солдат қайрат жинап, күш қылып,
Үш жығылды, орынынан үш тұрып,
Ессіз-түссіз... әкетті оны көп неміс
Қолтығына ырғап алып қыстырып.

Оқ мүжіген омыртқаның ортасын,
Жарықшақтар жалап өткен арқасын.
Бүкіл фашист бәрі бірдей жабылып,
Тірі өліктің тінтеді кеп қалтасын.

Жастық шіркін жәрменкесі тәрқаған,
Жатты алда қансыз-сөлсіз жарты адам.
Тіміскіп жау тұрткілеп те, тінткілеп,
Бір кітапты тауып алды қалтадан.

Күңгірлейді жат тілдерден көр-апан...
Заңмен мұны жазаламақ бір қатаң.

Білмеді олар сол кітапта жатқанын
Солдат емес, социалистік ұлы Отан.

Біреуі айтты: — Ұйқыдан бұл тірілсін,
Тілдесейік, көп сырлары ұғылсын.
Бұл кітапты баяндасын бишара,
Содан кейін өкпесін оқ суырсын...

Бұл тұжырым қалдыдағы күшінде,
Жатты солдат көр-апанның ішінде.
Жан анасы, бал баласы, жас жары
Қолын бұлғап шақырды оны түсінде.

Сандырақтап естен танған кісідей,
Қалды ол кенет ешнәрсеге түсінбей.
Конституция оған сол кез көрінді,
Байтақ Отан, бүкіл үйдің ішіндей.

III

Ертеңіне қолына сол кітапты ап,
Кешегілер қоршады оны сұраққа ап,
Айтты ол: — Менің өмірім мен бақытым
Жатыр осы кітабымнан бұтақтап.

Бұл кітапта жер мен аспан бәрі бар,
Бұл кітапта елдің еркін жаны бар.
Бұл кітапта қорға деген Отанды,
Оқып қара, қасиетті заңы бар.

Осы кітап — ар-намысым, ожданым,
Осы кітап — өз уставым, өз заңым,
Басқа заңға бағынбаймын! Өз халқым
Білемін тек маған арнап жазғанын.

Фашист:

— Есіңді жи, тұтқында ғой бұл бір Заң,
Алыс болар аспандағы жұлдыздан.

Солдат:

— Өз заңымды өлгенімше білемін,
Мандайымнан бақ жұлдызын туғызған.

Фашист:

— Заңымыз бар. Бағынасың сол заңға.

Тұтқын солдат:

— Бағынбаспын тірілікте бұл жалғанда.

Фашист:

Үкім біреу. Атыласың... кетесің...
Үй-ішіңмен бақылдаспай арманда.

Тұтқын солдат:

Саған тұтқын, саған пенде болғанша
Менің үшін хауіпті емес ол онша.

Түн ішінде өлтірді оны дарға асып,
Жатты өмірі жұлдыз болып жалғасып.



Бейімбет Майлин

Он сегіз жасынан бастап қалам алып, үздік көркем шығармалар тудырған Майлин Бейімбет — бүгінгі қалыптасқан қазақ әдебиетінің ірге тасын қалаушылардың ең белдісінің бірі.

Бейімбет тек ақын ғана емес, ол — романист, драматург, публицист, фельетонист, оқу құралдарының авторы. Оның жиырма бес жыл ішіндегі, яғни 1912 жылдан бастап, өмірінің соңғы жылына дейінгі творчестволық еңбегі 54 кітап болып басылды.

Майлин «Азамат Азаматыч» (орыс тілінде «Дочь казаха» деген атпен жарияланған) романында, «Коммунистка Раушан» повестінде, «Шұға» атты музыкалық драмасында, өлеңдерінде Совет өкіметін орнату дәуіріндегі жағдайларды өте шыншылдықпен айқын да көркем етіп суреттеп берген.

Жазушының, әсіресе, көп жазғаны колхоз тақырыбы, «Он бес үй», «Қырманда» повестері мен «Колхоз» атты әңгімелер жинағында жаңа колхоз болып ұйымдаса бастаған кездегі ел арасына ірткі салушы бай, шошкарлардың әрекеті, колхоз туралы түсінігі аз болғандықтан дағдарысқа түскен ауыл адамдарының ой-сезімдері шынайы көрсетілген.

Балалар, сендердің оқып, танысуларың үшін, төменде Майлин Бейімбеттің «Таңба» атты әңгімесін жариялап отырмыз.

Таңба

Ерубай ауылында 37 үй бар. Бұл 37 үй бұрын үшке жіктелетін: бай, орташа, кедей болып. Бір кездерде байдың саны 4, орташа 12, қалғаны кедей болып жүрді. Берірек келген соң, әрине, төңкерістен кейінгі жерде бір санағандарында байдың саны 3, орташа 20, қалғаны кедей болды.

— Осы дұрыс па? — деп сұраушыларға, ауыл болып:

— Осы дұрыс-ақ! — деп жауап берісіп жүрді.

Былтыр осы Ерубай ауылында «Таң» деген колхоз ұйысты. Колхоздың бастығы ерші Ерман, орынбасары Мәкен жеңгей, хатшысы Дүйсекей болды.

Жетібайдың үйінің төргі бөлмесін кеңсе қылып, колхоз іске кірісті. Толып жатқан тізім жасалды. Толып жатқан анкет толтырылды. Тізім анкеттерді қорытып келіп, ауданға дерек білдіргенде:

«Ерубай ауылы жүз процент колхоз болды» деген қортынды шықты.

Жалпы жиналыста баяндаманы Ерман жасады.

— Ау, осынымыз әуелі қалай өзі? Мына Дүтбай ауылдары байларын аластап шы-

ғарып жатқан көрінеді. Олар тоқсан процент қана колхоз болып отырмыз дейді. Біз осы асыра сілтеп алып жүргеміз жоқ па? — деп, Ысқақ танауы делдиіп, көптің алдында қасқая бір тұрды.

— Бәсе, Ысқақ не ғып шатақ шығармай жүр деп едім-ау.

— Дау шығармаса, Ысқақтың ішкен асы бойына тарамайды ғой.

— Атын шығару үшін сөйлейді көбіне.

— «Белсенді» деп айтсын дейді.

— Ысқақ.., Ысқақ.., — деп жиылыста отырғандар шулап ала жөнелісті.

Ерман ымдаған соң, Дүйсекей хатшы орнынан тұрып кішкене кітаптың бір бетін аударды, екінші бетін аударды, бір жеріне шұқшия қадалды.

— Колхозға кімдер кіре алмайды? Міне, мұнда айтылған, — деді Дүйсекей жайраңдап, жерден жеті қоян тапқандай:

— Ал, кімдер?

— Бай кіре алмайды, молда кіре алмайды, патша тұсында әкім болғандар, шен алған, шекпен кигендер кіре алмайды...

Жұрт біріне-бірі қарады. Жаманбай молда, Ербосын, Ерубайлар біреу көріп қала ма дегендей, бұға түсті.

— Ау, осы айтқандарың бізде бар ма?— деді біреу.

— Бар! — деп Ысқақ тағы дауыстады.

— Әне, тағы кірісті.

— Іздегені бұзықтық.

— Елдің ел болғаны оған не керек,— деп жұрт тағы шуласты. Әйелдер сыбырласты. Біреулері ернін шығарысты.

— Ысқақ бар деп тұр ғой, айтсын! — деді бір жуан дауыс.

— Ал, Ысқақ, айтасың ба? — деп Ерубай шұқшия қалды.

— Солбыраймай тұрсайшы, ант ұрған! — деп біреулер жекіп те қалды.

Ысқақ, сүйретіле басып, көптің алдына келді. Бөркін алып қолтығына қысты. Сақалын бір-екі рет тұтамып ұстап, шырт еткізіп жерге түкіріп те алды.

— Ау, қашан айтасың?

— Бәлденіп тұр ғой.

— Түнеугі өкіріктен келген өкіл құсап сөйлемекші болып тұр ғой,— деп жұрт тағы гуілдеді.

— Жолдастар! — деді Ысқақ оң қолымен мықынын тіреп. — Біз соқыр болмайық. Біз кедей атына лайықсыз жұмыс істемейік. Біз шын колхоз болайық. Ерубай ауылында бай жоқ дегенге кім нанар? Нандыршы, кәне! Біз айтпағанмен, жұрт айтар. Қара жолдың үстінде отырған ауылмыз. Өткен-кеткеннің бәрі біледі біздің ауылды. Көк төбелі ағаш үйлерді көрмеген кім бар дейсің?!

— Осы не сөйлеп тұр? Көк төбелі үйің қайда? — деп шеткі біреу, шеткерек отырған сопақ бетті кісі, танауы қусырылып, Ысқақтың жағасынан ала түсетін адам тәрізденді.

— Жоқ, жолдас, бұрын барды, бұдан екі жыл бұрын ғана барды, сатса, бәрі де жоқ болады. Үй түгіл, мал да жоқ болады. Осы ауылдың үсті қара құрым болып жататын мал еді, сол қайда, білесіңдер ме? Ерманның екі қарасы әлі бар. Менің екі қарам әлі бар. Ол мал қайда кетті?? Ол мал кімдікі еді?!.

— Ау, уақытымыз жоқ, жұмысымыз бар. Ысқақтың сөзі бітпес. Басқарма бізді неге жинады екен! Жұмысын бітірсе екен де, бізді таратса екен! — деді Жүсіп көтеріле түсіп.

— Пәлі, осы жөн,— деп Адырақ оны қостады.

— Біздің қарап отырған мәселеміз — байды зерттеу ме,

жоқ басқа ма? — деп біреу сұрау беріп еді.

— Ауданға жіберілетін деректі бекіту үшін жинап отырмыз,— деп Дүйсекей шапшандатып, жауап қайырды.

— Ендеше, бекітілсін. Ал, жұрт, тарайық! — деп Дәуренбек орнынан тұрып еді, жұрт дүркірей тұрды.

— Ал, Ысқақ, соға бер.

— Доклад істе.

— Сөз Ысқақ жолдасқа берілді,— деп, тарап бара жатқан жұрт даурығысып күлісті.

Ысқақ бір сыпыраға дейін үндемей отырды. Стол басында Ерман бастық пен қаулының аяғын жазып үлгіре алмай отырған Дүйсекей қалды.

— Ерман шырағым, біздің ауылда осы шынымен бай жоқ па? Ашып айтшы,— деді Ысқақ бір кезде күрсініп.

— Мен қайдан білейін. Солай десіп жүр ғой. Жеке салыққа, қара тізімге іліккен адамдар да жоқ,— деп Ерман күңкілдеді.

— Жеке салыққа, қара тізімге байлар, молдалар өздері ізденіп барып іліге ме екен, әлде оларды іліктіріп беру елдің міндеті ме екен?

— Өй, басымды ауыртпашы, мына бір анкетін толтыра алмай жатырмын,— деп Ерман қағазына көмілді.

«Таң» колхозының мүшелерінің арасы алты ай қыс даудан арылмады: ұрыс десен осында, төбелес десен осында.

...Бір күні жалпы жиылыс шақырылды. Жиылыс өте тығыз шақырылды. Ерман қал-





тыранып, сұрланып жиылысты не үшін шақырғанын айтты:

— Осылай да осылай. Егінге ертең шыққалы отырғанымызда, 12 үйдің бөлінеміз деп отырғаны мынау...

— Бөлінгенде бөлек колхоз болмақ па?

— Жоқ, мүлде колхоз болмаймыз дейді.

— Олар кімдер?

— Жаманбай, Ербосын, Ерубайлар, тағы басқалар,— деп Ерман арыздағы тізбені шұбыртып оқып шықты.

Ысқақ мырс етіп, миығынан күлді.

— Ерман шырағым, осы біздің ауылда бай бар ма, енді білесің бе? — деді Ысқақ күлімдей түсіп.

— Әй, қойшы, адамның басы қатып отырса,— деп Ерман желкесін қасыды.

Ысқақ орнынан құшырланып тұрды.

— Жоқ, жолдастар, бас қататын жұмыс бұл емес. Қатқан бас қатар, енді жазылу керек. Былтырдан бері байды жоғалтып алып масқара болып жүр едік, міне, көрдің бе? Өздері ашып берді! Бет пердесі ашылды деген осы! Колхоздан шығамын деп отырған осы 12 үйдің ішінде сытығы бар ма? Кілең байдың, шонжардың тұқымы емес пе! Осыларды кедеймен бірге тілек тілейді деп кім айтар?! Шықсын, аласта! Арызын былай қой, аластап шығар! Жаз пүртекезді!

Ұйлығып отырған жұрт тірелген түбектен жол іздеп тапқандай, кәдімгідей жазылып сала берді.

— Е, бәсе, Ысқақ бірдеме тапса керек еді! — деп біреулер қуанып қалды.

Дүйсекей хатшы көптің атынан қаулы жазды. Қаулыға мүшелер тегіс қол қоймақшы болысты.

— Әлгі менің сөзім түгел осында жазылды ма? — деді Ысқақ.

— Жазылды.

— Ендеше, әкел, алдымен өзім қол қояйын,— деп, бармағын сияға малып, ақ қағазға баржита бастады. Ақ қағазға бармақтың қара табы басылды.

— Құрып қалғыр Ысқақ, қолыңды сонша бояғаның не, қағаздың бетін қап-қара қылыпсың ғой,— деді Дәуіт күліп.

— Жоқ, бұ да аз. Бұл — байларға салған таңбам. Таңбаны баттита салмасам, Ерман тани алмай қалатын болып жүр,— деп Ысқақ мырс-мырс күлді.

1930 жыл.

Л. Н. ТОЛСТОЙДАН.

АРЫСТАН МЕН ТҮЛКІ

Қартайып бір арыстан болды кәріп
Тіс түсіп, тырнақ мұқап еттен арып.
Мұң болды тамақ табу күш қайтқан соң,
Өлуге жетті әбден арып-талып.
Құлықпен ауырғансып ыңыранып,
Бүкшиіп бір үңгірге жатты барып.
Көңілін сұрай келген аңдар болса,
Жей берді бытырлатып ұстап алып.
Бір түлкі көңілін сұрай келді жетіп,

Аяғын әсем басып назбен шекіп.
Келді де ізді байқап сырттан торып
— Қалайсың, арыстаным! — деді кекіп.
— Хал нашар, ауру күшті, түлкі шырақ,
Келсейші көрісейік жақынырақ!..
Түлкі айтты:
— Кірген із көп, шыққан із жоқ,
Сондықтан, тұрғаным ғой сырттан сұрап.

Өлеңмен аударған Ө. ТҰРМАНЖАНОВ.

істеп көрмеген балалар біріне-бірі жалтақтай қарасады. Осы кезде Шәриповтың есіне аға вожатыйдың: «Жұмысқа кіріспес бұрын, әуелі неден бастау керек екенін жоспарлап алыңдар. Содан соң әрқайсың өздеріңе лайықты жұмысты бөлісіп алуларың керек» деген сөзі түсті. Ол осылай етті де.

Команда берілісімен балалар жұмысқа араласты.

Үй иесінің болмағаны қандай жақсы болды. Есіктің құлыптаусыз қалғанына қарағанда, тегі, көршілердің біріне кеткен болуы керек. Нұртаева Сағынбүбі бастаған бір топ қыз балалар, мектептен әкелген ақ балшықты босағада тұрған легенге салып, шөгендегі жылы суды құйып, езе бастады.

Лезде үй сыртындағы балалар да қарбас жұмысқа кірісті. Талайдан бері сыпырғыш басы тимеген бұрыш-бұрыштағы бөгіп қалған майда топырақ бұрқылдап аспанға көтерілді. Шаң арасындағылар бұлдырап қана көрінеді. Тазартылған орындар тап-тұйнақтай болып, жинақылана берді. Бір кезде тер мен шаң араласып, беті салтақтана бастаған Лойко басын көтеріп алып:

— Балалар, Чайнек апай келе жатыр, — деп қуана айқайлап жіберді.

Балалар да үй иесі риза болсын дегендей, одан сайын қимылдай түседі. Анадайдан балаларды көрген кәрі шешей ентелей басып келіп те қалды.

Міне шатақ: Чайнек апай қуана ма десе, қайта жүзі қуарып ашуға мінген.

— Бұл не бассыздық! — деп, зекіре жөнелді де, балалардың қолындағы саймандарды жұлып-жұлып алды. — Сендерді кім шақырды бұл араға. Бұдан басқа ойын табылмады ма?! Кетіндер қазірден бастап... Қара өздерін!..

Бұрқылдап ашуланған Чайнек апай жөпшендіге көнер емес.

— Чайнек апа, біз тимуршылармыз... — деп түсіндіре бастаған балалардың сөзін де тыңдаған жоқ.

— Кет деген соң, кетіндер, темір-семірлерінді білмеймін! — деп қуып салды.

Үрпиіскен балалар, үріккен еліктерше аулақтап барып шоғырлана қалды.

Сырттағы ашу-ашу ма. Бөлме ішіндегі жайды айтсаңшы. Табалдырықты аттай берген үй иесі, биік сәкілерге шығып алып, қабырғаны сылап жатқан қыз балалар аппақ балшық беттерін оған жалт бұрғанда, не әрі кетерін, не кері қайтарын білмей сілейді де қалды. Көзі жыпылық атып үрейі ұшты...

— Сендерді мектептеріңе барып айтпа-

сам ба!.. — деп, Чайнек апай ашуланып, бөлмеде жалғыз қалды. Енді бір кез «Осы балалардың келуі тегін емес, бір сыр бар. Біреулер жұмсады ма екен. Олай болса, өзіме неге айтпайды. Жасырын жүріп мүсіркемей-ақ қойсын. Жоқ, мектепке барып білуім керек» деген ойға келді.

Сөйткенше болмай,

— Чайнек апа, тәуір, жақсысыз ба?! — деп Гүлжахан күле кірді.

— Е, қарағым, «іздегенге, сұраған» дегендей, жақсы келдің-ау. Төрлет, отыр. Өздеріңе барып сұрармын деп отыр ем. Гүлжахан қарағым, сен білесің бе, бүгін мынандай қызық болды... — деп, болған істі тәптіштей баяндады.

Гүлжахан іштей күле отырып тыңдап болды да, байыппен ұғындыра бастады.

— Жоқ, қарағым, маған көмектеспей-ақ қойыңдар. Титімдей балаларға жұмысымды істеткенше, өлгенім жақсы емес пе? Тірідей масыл боларым жоқ, — деп, Чайнек апай айтқанынан қайтар емес.

Не керек, ұзақ уақыт тартысып отырып, аға вожатый ұғындырды-ау Чайнек апайды.

МЕКТЕП ШЕЖІРЕСІНІҢ БЕТІН АШҚАНДА


Сөйтіп, қарамағына алған үйлерге қолқабысын тигізу тимуршылардың әдеттегі ісіне айналды. Басқа адамдарды былай қойғанда, Чайнек апай да оларды өз балаларындай көріп, әрқашан асыға күтеді.

Я, сонымен тимуршылар командасы қиындықтардың басын қайырды. Бәрі жөнделді. Бәрі ретке келді. Тіпті сол қиындықтар бүгінгі күні ұмыт та болды. Тек, мектеп шежіресінің беттерін ашқанда ғана, оқушылар естеріне алады. Мектептің Жамбыл аталуының себебі Жамбыл атаның осы ауылда тууымен байланысты. Осы жайды түсіндірумен ашылатын шежіре беттерінің ішінде тимуршылар туралы да жазылған. «1956 — 57 жылдан бастап тимуршылар командасы жұмыс істейді» — деп басталады да, ұйымдасу кезіндегі кездескен кейбір қиындықтар баяндалады. Алғашқы команданы құрушылар Шәрипов Аманкелді, Нұртаева Сағынбүбі, Маймұшова Анифа, Масюкова Нина, Сандыбаева Дариға, В. Лойко, Әбдіғалиева Сақандардың аттарын қуана оқисын.

Жарайсыңдар, тимуршылар! Мектеп шежіресі — мектеп тарихы сендердің сүйсінерлік еңбектеріңмен қалындай берсін!

С. Жүнісов.

Алматы облысы, Жамбыл ауданы



ШАНЫШҚЫ

ТЫРАҢБАЙ

Тұра қалды трамвай,
Көре қалды Тыраңбай.

Жүріп кетті трамвай,
Қуып кетті Тыраңбай.

Қатты кетті трамвай,
Шаққа жетті Тыраңбай.


Асығады трамвай,
Асылады Тыраңбай.


Тайып кетті Тыраңбай,
Қағып кетті трамвай,

Тыраңбай-ау, Тыраңбай,
Жатырмысың тұра алмай!

Ә. ӘЛЕНОВ.

Арал қаласы.





Булка

— Совхоз әлі де алыс па? — деп сұрап өдім.

— Жоқ, енді иектің астында ғана, — деп жауап берді шофер, — жүз-ақ шақырым жер қалды, ол түк те емес.

Егерде, сіз Москва маңында болып, «Келесі деревня алыс па?» — деп сұрай қалсаңыз, сізге: «Алыс, сегіз шақырым», деп жауап берер еді. Ал, біздің Қазақстанда, мінекей, жүз шақырымның өзін иектің астында деп есептейді. Шынында да, жүріп кетсең, жап-жақын. Тақтайдың бетіндей жап-жазық далада, атқан оқтай, түп-түзу үлкен қара жолдың бойымен машина ұшқан құстай зулап келеді, эне-міне дегенше болмай, сондайдаң радиостанцияның жіңішке дінгектері көзге шалынды. Жол бойында жайқалған алтын астық теңіздей толқиды. Сол толқынның арасында ағараңдап біркелкі аппақ үйлер көрінді.

— Степной совхозы, — деді шофер, — жолдың оң жақ жанында тұрған бағананы көрдіңіз бе? Содан тура үш-ақ шақырым жерде тұр.

Жолдың қасындағы бұл бағанаға мен көңіл аудармай кете алмадым. Ол әдеттегі жолдық белгілерге мүлде ұқсамайды. Қызыл, жасыл, сары түспен әдемілеп боялған, аласа бағананың үстінде машина жүргізуші баланың суреті тұр.

— Булканың бағанасы, — деп жымыды шофер, — біздің бухгалтердің Булка деген баласына арнап қағылған бағана.

Бұдан соң мен Степнойда болған бір қызық оқиғаны естідім. Оны сондағы жұрттың бәрі біледі екен. Қою қара шашты, өткір көзді Булканың өзі де бізге оның шындығын жасырмады.

Бұл оқиға былай болған еді. Булканың әкесі совхозда бухгалтер болып қызмет істесе керек. Оның есеп-санақ кітаптары жер үйді екіге бөліп тұрған шкафтың ішінде сақталады. Міне, осы шкафтың бір жағында

бухгалтердің кеңсесі болса, екінші жағында семьясы — әйелі мен Булка деген баласы тұрады.

Әрине, Булка ержеткен кезде оны жұрт бұлай атамас та. Болат Теміржан ұлы деуі мүмкін. Бірақ, дәл қазір оның аты — Булка. Совхозға көшіп келген алғашқы тұрғындар оны осылай деп атаған.

— Бірақ, бұл Булканың өзі тым қабартып піскен екен, — деп жұрт кейде күлісіп те қоятын. Өйткені, бала қысы-жазы ылғи қызара бөртіп жүретін.

Степной совхозында балалардың көбейгені соңғы кезде ғана ғой. Әйтпесе, ө деп қоныстанған алғашқы жылғы қыста Булкадан басқа еш баланы көзің көрмейтін. Сондықтан, үлкендер жұмысқа кеткенде бала үйде жалғызсырап қалатын. Ол кезде Булканың ойнайтын да ешкімі болмай, қатты қиналып жүрді. Соны сезген жұмысшылардың бәрі Булканы жақсы көріп, онымен өте дос бол алды. Енді Булка бұрынғыдай қазақша ғана сөйлемей, шатыстырып-бытыстырып, бір түрлі қызық сөйлейтін болды. Анасы одан:

— Тамақ ішесің бе? — деп сұраса, ол:

— Жоқ, — деп қазақша жауап беретін.

Ал:

— Неге ішпейсің? — деп сұраса,

— Я, вже с Грицьком снідал, — дейтін украиншылап.

— Не жеп едің? — десе,

— Бульба жедім, — дейтін.

Бұған анасы күліп, қолын бір сермеп, қайта шаруасымен алданып кететін.

Көктемде, қар кетіп, жол кеуіп, дала гүлмайсаға бөленгенде, Булка жол жүруге қатты құмартты. Совхозға кіре беріс жолда ескі, бір үлкен тас жататын. Ол тас күні бүгінге шейін сол жерде жатыр. Булка сол тастың үстінде отырып алып, өткен-кеткен машинаны аңдатын. Машина көрсе болды, ұшып тұрып, қасына жетіп баратын да:



— Ағай, мені ала кетіңізші...— деп, жалынатын.

Шоферлар да оны өздеріне ермек қылу үшін, кабиналарына отырғызып алатын. Кешікпей, шоферлар оған диспетчер деп, ал оның тосып отыратын тасын диспетчер пункті деп атап кетті. Оған тоқтамай кетушілер болмайтын. Тіпті шоферлар кейде бұл кішкентай жолаушыны совхоздан аулақ, алыс жаққа да алып кетіп жүрді. Бұдан Булканың ата-анасы қорқып, бүйтіп жүргенде өздерінің баласы бірдеңеге жазым болмаса игі еді деп ойлады. Булкаға қаншама ұрсып-зекіп қатты айтып, шоферларға ерме деп тиым салса да, бала олардың сөзін құлаққа да ілмеді. Оған айтып сөз, ұрып таяқ өтпеді. Сонан соң бухгалтер бір жиналыста сөйлеп:

— Бұл трибунаны өз мақсатыңа пайдаландың деп сөкпеңдер. Біз, әйеліміз бен екеуіміздің барлық транспорт қызметкерлерінен өте үлкен тілегіміз бар. Ол — біздің баламызды ешқайда ертіп әкетпеуі жайында,— деді.

Әрине, Булка мұны білмейтін. Ол, дөненеден хабарсыз, күндегі әдеті бойынша, бүгін тағы да өзінің баяғы тасына келіп отырды. Селодан шыққан машиналар бірінен соң бірі тоқтамай ағып өтіп жатыр. Булка жолдың қасына келіп:

— Ағай, сіз қайда барасыз? — деп сұраса, оған шоферлардың бірі де қарамайды. Бастарын бір шайқап, зулап өте шығады. Булка оларға қанша жалынып-жалбарынса да бірі оған иілмеді. Машиналар жолдың

шаңын аспанға көтеріп, ағып өте берді, өте берді, бірақ «диспетчер»... олардың ешқайсысына да іліге алмай, жансыз қара тастың қасында қалшиғаннан қалшиып, әлі тұр. Енді қарайған машина да көрінбейді. Күте-күте жалығып, оның үстіне шоферларға ыза болып Булка өз-өзінен өксіп жылап жіберді...

Саша деген шофер бұл күні совхоздан кешігіп шыққан еді. Оның машинасының моторынан бір ақау табылып, соны жөндеп шыққанша сол болған. Әйтеуір күндегісінен көп кешікті.

Машинаның келе жатқанын көріп, өзінің жылап тұрғанын сездірмейін деп, Булка теріс айналып кетті. Кіп-кішкентай боп, далада, жападан-жалғыз жылап тұрған баланы көріп, Саша машинасын еріксіз тоқтатты.

Бетін жас шайып, айғыз-айғыз болған Булканың көзі мұны көріп жайнап кетті.

— Мен өзім де байқамай қалдым,— дейді Саша,— есікті ашуым мұң екен, Булка тышқанша бір-ақ ытқып, кабинаға мініп алғаны. Мен оған конфет беріп, жұбатып, үйіне қайтарып жіберейін деп ойлап едім, бірақ, ол мені тілге де келтірмеді. Машинаға бір мінген соң, өзі жылап тұрған баланы түсіріп тастап кету қиын болды. Сонан соң жарайды, бір жолға бара берсін, қарсы кездескен машинаға мінгізіп, қайтарармын деп ойлады.

Сөйтіп, Булканың машинаға отырған соң жаны жай тапты. Манағы реніштің бәрі ұмыт болды. Бірақ, алдан машина көрінер ме екен деп Саша қарап отыр. Шоферлардың ендігі қайтып оралатын мезгілі болып еді. Бірақ, әлі ешқайсысы көрінбейді. Булканы апарып тастау үшін қайтадан кейін қайтуға тағы болмайды. Сонымен Сашаның тынышы кетіп, шылымын қайта-қайта сорады. Анда-санда көзінің қырымен кішкентай жолаушыға қарап қояды. Оның қазір жаны жай, жағасы жайлау, қуанып отыр.

— Ой, оңбаған-ай! — деп Саша іштей ызаға булығып келеді.

Осылай бір-біріне тіл қатпай, олар жарты сағаттай жол жүрді. Осы кезде, кенет машинаның бір жері тарс етіп, ысқырып барып тоқтады.

— Дөңгелегі жарылып кетті ме? — деп сұрады Булка, кабинадан түсе беріп.

Саша үн-түнсіз машинадан қарғып түсіп, керекті аспаптарын алып, іске кірісті. Булка оның қимылына біраз қарап тұрды да, сонан соң жолдан шығып, шегіртке қуды. Үлкен бір сарғыш-көк шегіртке ытқи секіріп, оған жеткізер емес. Кенет оның дәл аяғының астынан бір шымшық аспанға атыла ұшты. Ол соған қараймын деп шегірткеден мүлде көз

жазып қалды. Сонан соң ол кері қайтып машинаның қасына келді.

Онан арғы оқиға былай боқты.

— Мен домкратты тіреп қойып, дөңгелекті бұрап алдым,— дейді Саша бұл туралы.— Сол кезде машина дымқыл саздан суып шығып, домкраттан босап кетті де, менің қолымды басып қалды. Мен құлап түстім.

Сашаның машина астында қалғанын көріп, Булка өкіре жылапты. Оның даусынан шошып оянғандай боп Саша басын көтереді:

— Әрмен тұр, сені де басып қалады! — деп Саша айқай салыпты.

Бұл ара совхоздан елу, станциядан екі жүз шақырым жерде екен. Ал, жолда келе жатқан әлі бір де машина көрінбейді. Саша болса, қимылдауға дәрмен жоқ, бір қырындап жерде жатыр. Оған көмек берер жан жоқ. Булка жақындауға қорқып тұр. Сашаның өңі сұрланып қашып кеткен. Ол бұрынғы ақжарқын, әзілқой Саша емес, басқа бір ұсқынсыз, жат адам сияқты боп көрінді Булкаға. Булканың бойы түршігіп қорқып кетті. Осындай өзінің сүйген нәрсесінен секем алып қалу Булканың әдеті еді. Бұрын да бір таяз суға барғанда, онда басын қайқайтып алып бір жыланның жүзіп жүргенін көргенді. Суға бір түссе, көпке дейін одан шықпай, малти беретін, ол осыдан кейін суға түсуін қойды. Тағы бір жолы ол құтырған иттің

адамды қалай қапқан әңгімесін естіп, өзінің бұрын өте жақсы көретін көршісінің Гектар деген итін мүлде жек көріп кетті. Енді, міне ол машинаны, оны айдаушы адамдарды қандай жақсы көруші еді! Енді солардан да қорқып, қашып кетпекші ме? Жоқ, ол бұлай өте алмайды. Егерде, оның орнында басқа бір ересек адам болса, ол бүйтпес еді.

Булканың екі көзі төрт болып, жолға қараумен болды. Ештеңе көрінбейді... Кенет ол бортта қыстырулы тұрған күректі көрді. Кәдімгі кішкентай қол күрек. Оған ол қатты қызығатын. Булка күректі суырып алды да, Сашаның қасына келді.

Бір кезде ол өзен жағасындағы бір аңның інін қазып көргені бар-ды. Бірақ, оны үңгірлеп ішіне кіргенше болмай, ішке қопарылып құлап түскен. Міне, егерде Сашаның қолының астынан сондай үңгір қазса, оны босатып алуға болар деп ойлады ол. Сөйтіп, Булка жердің жұмсақ жерінен күректі қадай салып, дәл қолдың астынан қаза берді. Бір кезде дымқыл саздың арасында қарайған ірі тасты көрді. Сол тасты күрекпен түртіп қалып еді, Сашаның жан даусы шығып, есінен айрылды.

Жерді қанша уақыт қазғанын Булканың өзі де, Саша да білмейді. Өйткені, Булка әлі уақыт мөлшерін белгілеуді білмеуші еді, ал Саша болса, ол кезде ес-түссіз жатты. Содан әбден шаршаған соң, Булка айналақтап қайта-қайта жолға қарайды. Ол бұл жолмен сан рет жүрген болатын, қай жерде не барын жақсы білетін. Егерде, осы жолмен тура тарта берсе, көп ұзамай өзенге салынған көпір болуға тиіс. Сонда күзетші де және әрдайым өткен-кеткен кісілер де болып қалуы ықтимал. Өйткені, жолаушылардың көбі мұнда түстенуге тоқтайтын. Өзі онша алыс та болмауы керек. Адасып кететін де жол емес, атқан оқтай, бәрі сайрап жатыр.

Осыны еске алды да, ол қайта бұрылып келіп, күрекпен жерді қаза берді. Күрегі та-



ғы да үлкен тасқа тірелді. Булка бар күшін салып, соны көтеріп алып тастамақ болды. Маңдайынан тер де шығып кетті. Ақыры тас қопарылып, дәл Сашаның қолының астынан ытқып шықты.

Сашаның өзбетінше тұруға халі бар еді. Булка оған кабинадан шылым әкеп, тұтатып берді. Сөйтіп, олар ес жиып, көпірге қарай жаяулап жол тартты. Шынында да тура жолмен жүргенде, қашық емес екен, лезде жетті.

Саша ауруханада көп жатты. Ол жазылып совхозға қайтып келгенде, ұзын жолдың бойында қызыл-жасыл, сары түсті бағана қағылып қойылған екен. Булка өзінің меншікті машинасымен тек осы араға дейін ғана келуге тиіс. Одан әрі аспауы керек. Оның автомобилі қарапайым, аяқпен өзі жүргізетін ғана машина. Оны совхоз шеберлері мас-

терскойда бір түннің ішінде жасап, Булкаға көпшіліктің алдында салтанатпен сыйлаған. Бірақ, машинаның белгілі өз номері бар. Кішкентай шофер жүріс тәртібінің бәрін қатаң сақтайды. Әзір өз бағанасынан қия басып асып көрген жоқ.

Булканың осы мінездерін жақсы көрген совхоз жұмысшылары бір күні мынадай бір сөз қозғады. «Осындай батыл, адал, ержүрек баланы Булка деп атауға бола ма? Оны құрметтеп, өз есімін атау керек» — десті олар. Бірақ, бұл сөз — құр сөз күйінше қалды. Булка сол күйінше Булка деп аталды. Өйткені, кісінің кісілігі аталған атында емес, әрбірден соң жасының кішілігінде де тұрған дәнеңе жоқ. Бұл жөнінде қазақтың: «Қой асығы деме, қолайыңа жараса, сақа ғой» деген мақалы тегін айтылмаған.

И. Стрелкова.

ЖЫЛ ҚАЙЫРУ

Балалар, сендер естіген боларсындар, қарт адамдар біреудің жасын сұрағанда, жылың не? деп сұрайды. Жыл аттары бойынша жас есептеуді қазақ халқында жыл қайыру дейді.

Ал, осы жыл аттарын, олардың қалай қойылғанын, жыл қайыру есебін, оның қайдан шыққанын сендер білесіңдер ме?

Мен сендерге осы туралы айтпақпын.

Қазақ халқында 12 жылға 12 түрлі жануардың аттары қойылған. Олар мыналар: тышқан, сиыр, ба-

рыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, доңыз.

Әрбір он екі жыл өтіп, он үшінші жыл келгенде, жыл аттары қайталап отырады. Оны мүшел дейді. Сонда мүшел болып саналатын жастар: 13, 25, 37, 49, 61, 73, 85, 97.

Мұның алғашқысы балалық мүшел, екіншісі жігіттік мүшел, үшіншісі жігіт ағалық мүшел, төртіншісі орта жастық мүшел, бесіншісі шалдық мүшел, онан кейінгілері кәрілік-алжу мүшелдері.

ОН ШАҚТЫ МҮШЕЛДІҢ ЖЫЛ ҚАЙЫРУ ЕСЕБІН БЕРЕМІЗ!

I. Тышқан.	1864	1876	1888	1900	1912	1924	1936	1948
II. Сиыр.	1865	1877	1889	1901	1913	1925	1937	1949
III. Барыс.	1866	1878	1990	1902	1914	1926	1938	1950
IV. Қоян.	1867	1879	1891	1903	1915	1927	1939	1951
V. Ұлу.	1868	1880	1892	1904	1916	1928	1940	1952
VI. Жылан.	1869	1881	1893	1905	1917	1929	1941	1953
VII. Жылқы.	1870	1882	1894	1906	1918	1930	1942	1954
VIII. Қой.	1871	1883	1895	1907	1919	1931	1943	1955
IX. Мешін.	1872	1884	1896	1908	1920	1932	1944	1956
X. Тауық.	1873	1885	1897	1909	1921	1933	1945	1957
XI. Ит.	1874	1886	1898	1910	1922	1934	1946	1958
XII. Доңыз.	1875	1887	1899	1911	1923	1935	1927	1959

Осы кесте бойынша кейбір тарихи оқиғалар мен белгілі адамдардың жылдарын табуға болады.

Керісінше, жылын білген адамның жасын айыру да оңай. Мысалы, бір адамның жылы қой екен. Оның жасын айыру үшін үстіміздегі жылдың атын білсек және ол адамның жасы қай шамада екенін білсек болғаны. Үстіміздегі 1957 жылдың аты — тауық. Ал, біздің жасын айырғалы отырған адамымыз орта жастағы адам. Оның жылы — қой, тауықтан бұрын келеді. Сондықтан орта жастық мүшелге қойдан тауыққа дейінгі жылдарды қоссақ, оның жасы шығады. Былай есептейді: қойдан — қой — 49, мешін — 50, тауық — 51-ге шыққан.

Жыл қайыру үшін айтылған 12 жылдың аттары мен ретін және жыл басы — тышқанның қай жылға келетінін білу шарт, жыл аттарын екіден парлап айт-

са, оңай жатталады: тышқан-сиыр, барыс-қоян, ұлу-жылан, жылқы-қой, мешін-тауық, ит-доңыз. Ал, әр жылдың атын білу үшін мынадай оңай әдіс ұсынамыз: Атын айыратын жылды он екіге бөлеміз. Егерде, ол жыл он екіге қалдықсыз дәл бөлінетін болса, ол мешін жылы болғаны. Жоғарыдағы кесте бойынша қарасақ, ол IX-жыл. Мешіннен кейінгі әрбір жылдарды 12-ге бөлгенде, 1 ден қалдық қалып отырады. Мешіннен кейінгі жыл қайыру реті бойынша X жыл — тауық. Демек, 12-ге бөлгенде, 1 қалдық сан қалатын болса, ол тауық жылы болғаны. Онан кейінгі ит жылын да 12-ге бөлгенде, 2 қалдық сан, сол сияқты доңыз жылында 3 қалдық сан, онан кейінгі тышқан жылында 4 қалдық сан, тары сол сияқты. Сонымен, жыл басы 1 — тышқан жылын бөлгенде 4 қалдық сан қалу керек. Осы айтылғандарды мынадай кестеге келтіруге болады:

жыл реті	жыл аты	қалдық сан	жыл реті	жыл аты	қалдық сан	жыл реті	жыл аты	қалдық сан
IX	мешін	0	I	тышқан	4	V	ұлу	8
X	тауық	1	II	сиыр	5	VI	жылан	9
XI	ит	2	III	барыс	6	VII	жылқы	10
XII	доңыз	3	IV	қоян	7	VIII	қой	11

Осы кейінгі кестені пайдаланып, жас айырып көрейік.

Ерте замандағы Бұхара оқымыстысы, дүние жүзіне атағы жайылған Абуғалисина (Авиценна) 980 жылы туған. 980 жылды 12-ге бөлгенде, қалдықта 8 болады. Кестеден көреміз, оның жылы ұлу екен. Шыңғыс ханның туған жылы 1155 жыл, оны 12-ге бөлгенде, қалдықта 3 болады. Кесте бойынша көреміз, оның жылы — доңыз. Өзбек халқының атақты ақыны Алишер Науаи 1441 жылы туған. Оны 12-ге бөлгенде, қалдықта 1 қалады, демек оның жылы — тауық.

Ерте замандарда жазылған көп кітаптарда жыл аттары кездесіп отырады. Біз жоғарыдағы жыл айыру әдісі бойынша сол тарихта айтылған жылдардың дәлдігін тексере аламыз.

Мысалы, Шыңғыс ханның атақты шежірешісі Рашид-Ад-Дин еңбегін алайық. Ол өзінің «Жамиғат тауарих» атты шежіре кітабында Шыңғыстың Орта Азиядағы Хорезм шахқа шабуыл жасағаны ұлу жылының басы еді деп жазады. Қазіргі жыл санау бойынша, ол — 1220 жыл. Мұны 12-ге бөлгенде, қалдық сан 8 болады. Ал, жоғарыдағы кестеден қарасақ, расында 8 ұлу жылына келеді.

Содан кейінгі 1212—1222 (жылан, жылқы) жылдарында Орта Азияны тегіс жаулап алған.

Шыңғыс 1223 жылы (қой жылы) Бүкіл дүниежүзін жаулап алудың ұлы Құрылтай кеңесін шақырғаны айтылады.

Қазақта мынадай мәтел бар: «Жылан жылы жылыс болды, жылқы жылы ұрыс болды, қой жылы зеңгер тоғыс болды», Абайдың айтуы бойынша, осы мәтел Шыңғыс ханның жоғарыдағы айтылған сапарын көрсеткен сөздер.

Сендер мұнан не түсіндіңдер?

Мұнан түсінетін бір нәрсе — тарихи жыл аттары бойынша болған оқиғаның уақытын айыруға болады екен.

Екінші сұрақ: жыл атауларына алынған жануарлар қандай жануарлар, жыл қайыру қайдан шыққан, бұл туралы халық аузында, тарихта, ғылымда қандай мәліметтер бар? Енді осы сұрауларға қысқаша түсінік берейік.

Айтылған жыл аттарының барлығы да таныс жануарлар. Тек екеуі ғана түсініксіз болуы мүмкін. Оның бірі — мешін, екіншісі — ұлу. Бізбен туысқан өзбек, қырғыз сияқты халықтар тілінде мешінді маймыл деп, ұлуды балық деп алады. Тегінде, мешін деген сөз пішін деген сөзден шыққан, демек адам пішіндес жануар мағнасынан шыққан сөз.

Ұлу деген жұмсақ денелі моллюскалар болуы керек. Ұлудың аса көп жүз мыңдаған түрлері бар. Олардың көпшілігі балық сияқты суда жүреді, оларды аулап, етін жейді. Осыған қарағанда, ұлуды балық деп алу түсінікті. Екінші жағынан ұлудың орнына аждаһа (дракон) деп алатын елдер бар (мысалы Қытайда солай атайды). Ұлудың аждаһа аталуының тағы бір қисыны бар. Ол мынау: ұлудың (моллюскалардың) кейбір ірі түрлері болады, мысалы сегіз аяқ спрут сияқты. Спруттың әрбір аяғы 4—5 метр салмағы 100 килограмнан артық келеді. Ол өзі теңізде жүретін керемет қорқынышты жыртқыш.

Ұлудың аждаһа аталған түрі осы спрут болуы керек. Расында, спрут — өзінен де зор жануарға жабысатын керемет ашқарақ нәрсе. Ол адамға да жабысады, өлтіреді.


Сонымен, ұлудың әртүрлі аталуы оның түрлері көп болуына байланысты.

ЖЫЛ ҚАЙЫРУ ҚАЙДАН ШЫҚҚАН?

Жыл қайырудың неден шыққаны жөнінде толық түсінік әлі жоқ. Біз төменде осы туралы өзіміздің пікірімізді келтіреміз.

Жыл қайыру туралы қазақ халқында мынадай аңыз әңгіме бар. Ертеде өткен бір заманда барлық жануарлар жиналып жыл басы болуға таласыпты. Туатын жаңа жылды бәрі күтеді. Кім ол жылды бұрын көрсе, сол жануар жыл басы болып саналатын болады. Жануарлардың ең биігі, зоры — түйе. Ол жылды бәрінен бұрын көремін ғой деп ойлайды. Тышқан түйенің құлағына кіріп жасырынып алып, оның төбесіне шығады. Сөйтіп, ол жаңа жылды бұрын көреді. Сонан бері тышқан жыл басы болып саналады. Тышқанның ісіне намыстанып, түйе сол бетімен ол топтан мүлде кетіп қалады. Сол себептен ол жылдың басы түгіл, тіпті жыл есебіне де

рын көрсе, сол жануар жыл басы болып саналатын болады. Жануарлардың ең биігі, зоры — түйе. Ол жылды бәрінен бұрын көремін ғой деп ойлайды. Тышқан түйенің құлағына кіріп жасырынып алып, оның төбесіне шығады. Сөйтіп, ол жаңа жылды бұрын көреді. Сонан бері тышқан жыл басы болып саналады. Тышқанның ісіне намыстанып, түйе сол бетімен ол топтан мүлде кетіп қалады. Сол себептен ол жылдың басы түгіл, тіпті жыл есебіне де



кірмей қалады. Қазақтың «Түйе бойына сеніп жылдан құр қалыпты» деген макалы осыдан шыққан деседі.

Осы күннің өзінде түйе тышқанның інін көрсе тарпып, бітеп тастайды. Өйткені, түйе сонау кеткен кегін әлі ұмытқан жоқ деседі.

Қазақтың осы ертегісіне жанасатын және оны толықтыратын Бурят-монғол халқының бір ертегісі бар. Сол ертегіде күнді кім бұрын көреді деп тышқан мен түйе бәстеседі. Түйе тышқанға сенің бойың менің кірпігімнен аспайды, ал мен болсам, саған қарағанда, бір жатқан таумын дейді. Тышқан оған, бойға сенбе, ойға сен дегендей түр көрсетеді.

Түйе түнімен күн шығыс жақтан көзін айырмайды. Тышқан түйенің өркешіне шығып алып күн батысқа қарайды. Қу тышқан шыққан күннің алдымен батыс жақтағы тауға түсетінін біледі. Тышқан күн сәулесін бұрын көреді. Сонан бері Бурят-монғолдарда бірінші ай тышқан айы болып аталады.

Ол көрмек болған жылының басы не нәрсе? Бұл сұраққа ешкім айырықша жауап бермейді. Кейбір аңыздарда жыл басы деп жазғытұры ұшып келетін жыл құсын айтады. Жануарлардың анталасып, жаңа жылдың басын күтуі қыстан шығып, жазды күтуі дейді. Осы сөздің жаны да бар. Әйтеуір, жыл басы дегені жаз басы екені рас. Бірақ сол жыл басы өзі не нәрсе? Жануарлар не? Олардың таласы не? Түйенің жылға кірмей қалуы неден? Осы мәселеге келейік.

Бұл сұрауларға алдымен беретін жауап мынау: ай есебі де, жыл есебі де, күн есебі де Жердің, Күннің және Айдың қозғалыстарынан алынған.

Аспандағы Ай бір жыл ішінде 12 рет толады. Жылдың 12 айға бөлінуі осыдан алынған. Тәулік ішіндегі күннің де, түннің де 12 сағатқа бөлінуі, жыл қайыру мүшелдің де 12 жыл болып алынуы сол 12 айға байланысты.

Уақыт есептеудің осы сияқты 12-лік әдісін календарь деп атайды. Календарь деген сөздің өзі латынша бірінші ай деген сөзден алынған. Демек, жоғарыда біз көрген тышқанның жыл басы және бірінші ай болып алынуы сол календарь жасалудың басы болып табылады.

Календарь жасаудың алғашқы шыққан жері ертедегі шығыс елдері: Вавилония, Индия, Египет, Қытай болып есептеледі.

Календарь жасау әдісі аспандағы Ай мен Күннің қозғалысын есептеумен және жұлдыздарды бақылаумен байланысты. Басқаша айтқанда, астрономия ғылымына байланысты. Сол себептен, жоғарыда айтылған елдерде, ерте замандардан бастап-ақ астрономия ғылымы шыққан. Сол астрономия ғылымымен байланысты басқа ғылымдар да шыға бастаған. Астрономия барлық ғылымдардың атасы болып есептеледі.

Мысалға есеп ғылымын алайық.

Әрбір айда орта есеппен 30 күн бар. Жылдың 12 айында 360 күн. Жердің күнді айналып шығатын шеңбері 360 күн. Соған сәйкес геометрияда шеңберді 360 градусқа бөлу алынған.

Астрономия есебіне жануар аттары қалай кірген?

Астрономия ғылымының алғашқы шыққан замандарында, ерте уақыттарда, осыдан бірнеше мыңдаған жылдар бұрын, аспандағы жұлдыздар тобына жердегі жануарлардың атын қоятын әдет болған. Сол әдет осы күнге дейін сақталып келеді. Мысалы, бізге белгілі Жеті қарақшы жұлдызы Үлкен аю аталады, үркер атты жұлдыздар тобы сиыр деп аталады, тағы сол сияқты.

Аспан шеңберінде күннің бір жыл ішінде айналып шығатын жолын күн белдеуі деп атайды. Жыл ішін-

дегі 12 айдың санына сәйкес Күн белдеуіндегі жұлдыздардың 12 тобына жануарлар аты қойылған. Қытай календарында алынған 12 айдың аттары да осы.

Әрбір айда Күн сол айтылған жұлдыздардың бір тобының аясында болады. Сол 12 ай аты 12 сағатқа да, 12 жылға да қойылған. Міне, біздің жоғарыда айтылған 12 жылдың аты осыдан шыққан. Монғолша түнгі бірінші сағат тышқан сағаты деп аталады, бірінші ай тышқан айы деп аталады. Қазақша бірінші жыл тышқан жылы болып аталады.

Сағатқа да, айға да, жылға да бірдей қойылған 12 жануардың аттары да, олардың саналу реттері де барлық жерде бірдей. Қытайша да, монғолша да, қазақша да, өзбекше де, қырғызша да тышқаннан басталып, доңызбен аяқталады.

Осы сияктанған Күн белдеуіндегі 12 топ жұлдыз аттары батыс елдерінде де бар. Оны Зодиак деп атайды. Зодиак грекше жануарлар белдеуі деген мағынада. Қазақтың жыл аттары мен Зодиак аттары бірдей емес. Алайда, бірнеше жануарлар аттары дәл келеді. Мысалы: балық (ұлу), қой, сиыр деген аттар екеуінде де бар. Дәл келмеген жерде екеуінің аттары бір-біріне көршілес жұлдыздар аттары болып шығады.

Сонымен, қазақтың жыл қайыру есебі дүние жүзіндегі мәдениетті елдердің тарихымен байланысты ғылыми негізі бар, өзі аса бір ерте заманда шыққан нәрсе екенін көреміз. Сонымен қатар, бұл жыл қайырудың әр жылда ауа райын болжауға да қатысы бар. Соған бір-екі мысал келтіреміз.

ЖҰТ ЖЫЛДАР ЖӘНЕ ҚҰТ ЖЫЛДАР

Қазақ халқы — ежелден мал баққан халық. Малдың тағдырын қыста жұт болу, болмауы шешеді. Ерте замандардан келе жатқан тәжірибе бойынша, кейбір жылдар жаман — жұт жылдар, кейбір жылдар жақсы — құт жылдар болып саналады.

Қоян, доңыз жылдары ең ауыр жылдар болып саналады. Онан кейінгі ауыр жылдар тауық пен жылан. Басқа жылдар көбінесе жұт бола қоймайтын жылдар. Олардың ішінде, әсіресе, қой, жылқы жылдары жақсы — құт жылдар болып саналады.

Осыған кейбір тарихи мысалдар келтіруге болады. Барлық қазақ халқының тарихында белгілі жұт 1723 жылғы Ақтабан шұбырынды қоян жылы болған. Онан кейінгі бірнеше қырғын жұт жылдары тағы сол қоян жылдары болса керек: 1855, 1867, 1879, 1891 жылдар. Біздің өзіміз білетін 1927 жыл қоян еді, расында ауыр қыс болды. 1911 доңыз жылы да Арқада қатты жұт болған.

Әрине, осы айтылған жылдарда ғана жұт болып, басқа жылдарда болмайды емес қой. Алайда, кейбір жылдардың көбіне жұт болуында тағы бір табиғи мән бар. Ол мән мынада: кей жылдарда Күн бетіне көмескі секпіл пайда болады, кейбір жылдарда ондай секпілдерден күн беті таза болады. Күн беті секпілді болған жылдарда жауын-шашын көп болады, жаз берекелі болады. Күн бетінің секпілі болмаса жаз жауынсыз, қыс аяз — жұт болады. Ал осы Күн бетінің секпілденуі және ашық болуы орта есеппен 11—12 жылда бір қайталап отырады. Жұт жылдар осыған дәл келеді деп білу керек.

ЖЫЛДЫҢ БАСЫ НЕ НӘРСЕ?

Ерте замандарда көп елдерде жаңа жылдың басы жазғы тұрғы күн мен түннің теңелуі болып саналған. Қазіргі есеп бойынша ол 22 мартқа келеді.

Қазақша март айын наурыз дейді. Наурыз деген сөз парсы тілінше жаңа жыл деген сөз. Демек, күн мен түннің теңелетін март айы — жылдың басы. Оны қазақ мейрам айы, «көріс айы» деп те атайды. Олай

ЛЕОНИД ЛЕОНОВ



М. Горький мен Л. Леонов.

Жасыл ағаш — табиғаттың сұлу қызы. Ағашты сүймейтін, оны қадірлемейтін адам кемде-кем. Қай дәуірдегі болсын, ұлы ақын-жазушылардың бәрі та-

биғаттың көркі болған мәуелі ағаш, жасыл орман, ну тоғайды сүйсіне жырлады. Олардың көпшілігі құр жырлап, не жазып қана қоймай, өз қолдарымен ағаш егіп, бау отырғызды. Оны Л. Толстойдың, А. Чеховтың, М. Горькийдің, Тургеневтің, М. Пришвиннің, тағы басқа көп жазушылардың өмірінен көруге болады.

Егерде, сендер ұлы Жамбыл ақынның ауылында болып көрсеңдер, ондағы үлкен жеміс бағына соқпай кете алмайсыңдар. Алма дейсің бе, алмұрт дейсің бе, жемістердің неше түрін осы баудың ішінен көресің.

Бұларды өзінің көзі тірісінде қарт Жәкеңнің өзі отырғызған.

Міне, осылай ағашты жанындай сүйіп, қорғаушылардың бірі — белгілі совет жазушысы Леонид Леонов. 1947 жылы баспасөзде Леоновтың «Жасыл досты» қорғау жайында мақаласы басылды. Осы мақалаға қаншама адамдар үн қосты десеңші! Әсіресе, пионерлер мен мектеп оқушылары «Жасыл достарын» бұрынғыдан бетер жақсы көріп кетті. Міне, бұл кез Леонид Леоновтың «Орыс орманы» атты атақты кітабын жазып жүрген кезі еді.

Леонид Леоновтың тұңғыш шығармасы бұдан 35 жыл бұрын жарыққа шыққан болатын. Оның «Ұры», «Скутаревский», тағы басқа еңбектері күні бүгінге шейін құнды шығармалар боп есептеледі.

Алайда, оның ең таңдаулы, тамаша шығармасы, соңғы жылдары жазған «Орыс орманы» атты романы. Ол оқушыларды ерлікке, адамгершілікке, адалдыққа, өз Отанын, халқын шын сүюшілікке тәрбиелейді. Романның басты кейіпкері Иван Вихров арқылы совет ғалымының тамаша бейнесін жасайды. Ал, жалған оқымысты, алаяқ Грацианский сияқтыларды біздің социалистік қоғамға жат адам екенін ыспаттайды.

Қазір «Орыс орманы» кітапханалардың бәрінде тұр. Леонид Леоновқа бұл роман үшін Лениндік сыйлықтың лауреаты деген аса құрметті атақ берілді.

болса, ерте заманда март айы тышқан айы болған, онан кейінгі апрель айы сиыр айы болған. Апрель айы қазақша сәуір айы аталады, сәуір сиыр деген сөз.

Март айы «тышқаншық» айы аталуы да мүмкін. Өйткені, қазақта көптен көрмей ұзақ науқастан тұрып көрісуге келген адамды «тышқаншығын сала келді» дейтін сөз бар. Март айын көріс айы деп атаумен, көрісуге келгенді тышқаншық сала келді деу бір мағнада: жаңа жылмен, жаңа өмірмен құттықтай келу деген сөз болу керек.

Жаңа жылда жаз басының тышқан, немесе тышқаншық аталу себебі: қыстай інде жатқан тышқан жаз іннен шығады. Тышқан бір жұлдыз аты болуы керек. Ал түйе деп отырғаны Ай болуы керек. Монғолша Айды Нар дейді (Нар — жалғыз өркешті түйе). Ай (түйе) жұлдыздан (тышқаннан) әлдеқайда зор, бірақ жылға кірмейді, өйткені оның айналыс жолы

басқа, Күн белдеуіндегі жұлдыздар қатарына кірмейді. Түйенің түнімен қарап Күнді көре алмауы деген ертегі, толған Айдың түнде жарқырап, күндіз көрінбей, күн шыққанда батып кетуін аңғартады. Жаңа жылдың басы жаңа айдың басынан басталу керек қой. Өліарада бір жанасынан туған ай көріне қоймайды, көрінсе де, тез батып кетеді. Жұлдыз онан жоғары болады. Тышқан түйенің басына немесе өркешіне шығып, жаңа жылды көрді деген ертегі осыдан шыққан болуы керек. Бұл туралы басқа да қосымша дәлелдер бар.

Қорыта келіп айтарымыз, жыл қайыру — қазақ халқының ертедегі тарихымен, мәдениетімен, ғылымы ойларымен, қиялымен, ауа райын айыратын есебімен, жас санау есебімен, тағы басқа өмірімен байланысты нәрсе.

А. МАШАНОВ.

Қазақ ССР Ғылым Академиясының мүше-корреспонденті.



ПЕТЯНИҢ ЕРЛІГІ



Астрахань орта мектебінің 5-класының оқушысы Петянің өмірінде жақында үлкен оқиға болды. Сабақтан келісімен мамасына түскі тамақты даярласып жүрген оның құлағына «Өрт» деген дауыс естілді. Петя жүгіріп сенекке шықты. Көрші үйдің керогазынан кеткен от шатырға тиіп, ағаштан жасалған үйдің төбесінде жалын тілі сүйреңдеп жатты. Осы бір күтпеген оқиға Петянің тұла бойын мұздатып жіберді.

Оның есіне көрші бөлмедегі екі жасар қыз бала түсті. Жан ұшырып сонда барды. Ешнәрседен хабары жоқ бөбек тәтті ұйқының құшағында жатыр екен.

Петя көп ойланбады. Бөбекті одеялға орады да, сыртта жүргендерге терезеден: «баланы ұстандар!» деп айқайлады.


Сырттағы бірнеше адам одеялға оралған Светлананы қағып алысты. От лаулап жатыр. Бірінші этажға басқышыпен түсуге мүмкіндік жоқ. Өйткені, сенек өртеніп жатыр. Петя екінші этаждың терезесінен жерге секіріп түсті. Көп кешікпей өрт сөндірушілер командасы да келіп жетті. Өрт сөндірілді. Петянің адамшылығы мен батылдығына жұрт сүйсініп, алғыс айтты. Өз жанын қауіпке байлап, екі жасар Светлананы өлімнен арашалап қалу шын мәнісіндегі ерлік емес пе?!

Петяның ісі барлық рионерлерге сөзсіз үлгі болуға тиіс.

Т. МҰРАТОВ,

Ақмола облысы, Астрахань орта мектебі.

ЖАҢА МЕКТЕП



Биыл Чапаев атындағы совхоздың орталығы Аққыстауда онжылдық мектеп ашылды. Мектеп үйі жақсы жабдықталған. Мұнда қазір 300 оқушы білім алуда.

Мектептің жанында оқушылар үшін ашылған интернат бар. Жатақхана бөлмелері жарық, әрі кең. Малылардың балалары интернаттағы асханадан тамақтанады.

Оқушылар демалыс күндері мектептің ішкі жұмыстарына көмектеседі. Колхоздарға, совхоздарға жиі-жиі экскурсияға шығып тұрады. Озат малылардың іс тәжірибесімен танысады. Мектепте шебер қолдар үйірмесі жұмыс істейді.

Көркемөнерпаздар үйірмесіндегі оқушылар ата-аналарға арнап концерттер қойып берді. Концерт көрушілер өз балаларының өнерлеріне риза болысты, жас ұрпақты өнерге баулыған оқытушыларға алғыстарын айтты.

К. ҚАБЕШЕВ,

Гурьев облысы, Новобогат ауданы.
Чапаев атындағы совхоз, М. Горький атындағы орта мектептің оқушысы.

ХАТ



Мен жақында өзімнің туған қарындасым Зоядан хат алдым. Ол Қордай ауданындағы Қаракемер жетіжылдық мектебінің төртінші класында оқитын.

Хатты ашып оқысам, үй-ішіміздің амандығын айтыпты да: «Аға, мына күнделік дәптерімді қарап, қол қойып беріп жіберіңіз. Мамамның хат танымайтыны өзіңізге белгілі ғой» — деп өтініш етіпті.

Мен қарындасымның күнделік дәптерін ашып қарай бастадым. Күнделіктегі кілең «5» тік бағалар мені ерекше бір қуанышқа бөледі. Осындай күнделікке қол қоюдың өзі де мақтаныш екен. Сол күні мен Зояға былай деп хат жаздым:

«Қымбаттым Зоя! Жазған хатыңа рахмет. Бұдан былай да озат оқушы болуыңа тілектеспін. Күнделігіңе қол қойдым. Бірақ, бұдан былай алған бағанды мамаңа көрсет, өзің түсіндір. Ол кісі де қол қойып үйренсін. Көмектес» — дедім.

Зоя менің айтқанымды орындапты. Қазір күнделік дәптеріне мамасына қол қойғызып тұрады екен. Бірақ, өзінің сабақ үлгерімін, көркемөнерпаздар үйірмесіне қатысып жүргендігін, мамасының амандығын айтып жиі-жиі хат жазып тұрады.

Мен де оған оқуымның барысы туралы дер кезінде жауап хат жолдауды өзімнің міндетімдей сезінем.

Ж. ТАЙСҮГІРОВ,

Алматыдағы құрылыс техникумының студенті.

ДИХАН ӘБИЛЕВ — ЕЛУДЕ



Д. Әбілев.

ЖАРАСАМ ДЕП ӘЖЕТКЕ

I

Жарасам деп әжетке
Жанталасқан жас кезім,
Ар-ұятқа, әдепке.
Ынтық кезім, «мас» кезім.

Ақшоқы басы қарайып,
Ақ күртік беті көпсіді.
Ашулы демі азайып,
Ақтонды шал өксіді.

Жақындап жылы күн шуақ,
Азайтты әжем шаншуын.
Қырғиға сайлап қыл тұзақ.
Кешемін күндіз қар суын.

Сары адырдан күн құлап,
Жұлдыз шықты, кеш кірді.
Сақалынан жұлқылап,
Қораға тықтым ешкіні.

Үйде әкем жоқ екен,
Апам көріп үстімді,
Ашуы дайын оқ екен.
Жазамды берді үш күнгі.

Қарамай анам бетіне,
Өксіген болдым бұрышта.
Шапанын жауып егіме: —
«Өзіңдікі дұрыс па!!»
Әжем айтты: «Ей, келін,
Ұрсаң ұр... қарғап ұрыспа!»

II

Қазандықтың аузында,
Қаужанып оттың көзімен,
Қасық жонып отыр ем,
Қайыңның қызыл безінен.
Әкем келді даладан,

Даладан емес, бір үйден.
Жан еді қатал, балажан,
Өзгермейтін бір күйден.

Ұрсама — деп, селк еттім,
Жұлып ап қолдан бәкімді.
«Өнерін қара тентектің!» —
Деп анамды шақырды.

Қынжылтпады жайымыз,
Күндегідей әкемді.
Сұрауға да дайынбыз,
Не қуаныш әкелді!

Серекеннің үйінде
Бас қосыпты үлкендер.
Келіпті бір түйінге,
Егін десе үрке ме ел!

— Мен қайтпекпін! —
депті әкем, —
Көлігім жоқ, күшім жоқ!!
— Балаңды қос! — депті олар —
Айдасын өгіз күшің боп.

Осы жайды тамамдап,
Әжеме әкем сырласты.
Анам байғұс далаңдап,
Бір қуанды, бір састы.

Әкем:
— Қазынадан септескен,
Бес пұт тұқым бидай бар,
Ішіп қойсақ сеппестен? —
Деген сұрау қинайды ар!

Әжем:
— Көже қатық етерміз,
Аз сүтін ақжал бөртеңің.
Өлмеспіз, күнелтерміз,
Ертеңің қымбат, ертеңің!!
Алданбайық ішіп-жеп,
Тұқым сеп, балам, тұқым сеп!!

Шекем қызып, бет тершіп,
Сабын жонып қасықтың,
Біресе отты үргенсіп.
«Жақсылыққа» асықтым.

Әкем келіп қасыма:
— Саламыз егін жайлауға.
Жараймысың, жасырма, —
Деді, — өгіз айдауға!

«Жараймын, аға, жараймын,
Қазір жібер! Барамын!»
Көзіне тура қараймын...
Рас! — деп тұр, — нанамын!

Жарасам деп әжетке,
Жанталасқан жас шағым, —
Таймайтұғын әдетте. —
Тайқып кетті пышағым.

Қуанышым бір төбе...
Дыз-зз ете түсті бармағым.
«Әншейін!» — деп әкеме,
Көрсетпедім қан барын.

1929 жыл.

ЖАСТАР ТВОРЧЕСТВОСЫ

БӘКІ ҚАЙДАН ТАБЫЛДЫ?

Мәделінің әдемі
Ақ бәкісі бар еді.
«Өткір» дейтін, мақтайтын,
«Сат» десе де сатпайтын.
Шайтан алды, жын алды,
Түсініксіз, кім алды.
Бәкі лезде жоғалды.
Қалтасының қуысын,
Сумкасының бұрышын
Қарап шықты сан дүркін!
«Қайда кетті, бұл шіркін!»
«Жабыл, жабыл, жабыл! — деп, —
Бәкі, маған табыл» — деп,
Достары да қарасты,
Таппай, бірақ, тарасты.
Мәделі тек көңілсіз,
Шыдамын ол тауысты,
Әркімдерге жабысты,
«Ұрладың!» деп шекісті,
Ауыр сөзге кетісті.
Шарлап жүрсе жер-көкті,
Байқамапты, көрмепті.
Бір қалтасы ұры екен,
Бәкі сонда тұр екен.

Шона СМАХАНОВ.

АЛҒАШҚЫ ҚАР

Тұрдым дағы мен ерте,
Терезеге қарап ем...
Жамылып қарды кең өлке,
Ойнап жүр досым шанамен.
Сорайып тұрған кеше де,
Киіпті талдар құлақшын.
Ағып жатқан көшеде,
Қатыпты суы бұлақтың.
Суықтан тоңып Майпыаяқ,
Аулада үріп тұр біздің.
Жылы орын дайындап,
Қораға оны кіргіздім.

Бақытбек МОЛДАБЕКОВ.

Алматы қаласындағы
12-мектептің 10-класс
оқушысы.

КӨКТЕН БҰРШАҚ ЖАУҒАНДА

Көк әлемін түнеріп,
Қою қара бұлт басты.
Қалың нөсер құйды кеп,
Үйлеріне жұрт қашты.
Жаңбыр суын жүр кешіп,
Інішегім далада.
Мәз-мәйрәм боп күледі,
Судан қашқан балаға.
Қорықпайтын ешкімнен,
Батырға өзін санайды.
Жасқанбастан тамшыдан,
Көкке тура қарайды...
Жаңбыр қойып әп-сәтте,
Бұршақ жауып жөнелді.
Қанша батыр десек те
Жүгірді үйге ол енді.

Тоқан ҚОШҚАРБАЕВ.
Владивосток қаласы.



ҚАРТ АҢШЫНЫҢ ӘҢГІМЕСІ

ОЧЕРК

— Мен ол кезде жас едім, — деп бастады Мауия қарт әңгімесін. — Ел жайлаудан қайтып, қысқы қонысқа көшіп келгелі бірсыпыра уақыт болып қалған-ды. Бір күні ауа райы кенет өзгерді. Солтүстіктен гулей соққан салқын желдің лебі сәл тербетсе, ну орманның сарғыш тартқан жапырақтары қақтаған алтындай сау етіп жерге төгіледі. Бөктерінде карағай өскен күз шындарын кырау басқан

Баян тауының басындағы ақша бұлттар да қоюланып, бұйралана түскен.

Түс мезгілінде біздің үйге бүркіт ұстаған бір топ салт атты келіп түсе қалды. Мұның ішінде әкемнің ескі досы, құсбегі Өкпе, туыстары Бәлтеш, Нұрмағанбет, Қасен тағы басқа аңшылар бар.

— Уәде бойынша келіп қалдық, балапан қалай, өсті ме? — деді Өкпе менің әкеме жымыя күліп.

Әкем жауап қайтарудың орнына тұғырда қонып отырған қара балапанды алып келді. Өкпе балапанның денесін өлшеп көріп еді, кеудесі 8,5 тұтам, ұзындығы бір метр болып шықты. Аңшылар бүркіттің тұлғасына қайран қалып отырды. Өздерінің бүркіттерін де қара балапанның жанына апарып қондырды.

Бұлар түстеніп отырғанда жапалақтап қар жауа бастады.

— Айттым ғой, ертең қан сонары болады деп, көрмейсіндер ме, қарашаның алғашқы қары жауа бастағанын. Жалғыз-ақ ертең боран болмаса жарар еді, — деді Бәлтеш.

— Ия, соны айтсаңдаршы, — деді отырғандар мұны қуаттап.

Ертеңгі күн аңшылардың тілегеніндей ашық болды. Айнала аппақ. Күн тымық. Жиырмадан аса адам жабыла атқа міндік. Мен де қаракер құнанды ерттеп, аңға шықтым. Әкем қара балапанды ердің алдыңғы қасына орналастырған балдаққа әкеп қондырды. Аңшылар Ақшоқы тауына қарай бет алып, дабырласа жортып келеді. Тау басына жақындай бергенде, төрт адам қоян қағуға бөлінді. Олардың бірі мен болатынмын.

Бүркіт ұстаушылар биік таудың қыр арқасына жеткенде, біз қалың қойтастың сырт жағындағы ескі қорымға келдік. Төртеуіміз төрт жаққа бөлініп, айғай салып келеміз. Бір мезетте менің қарсы алдымнан бауыр жүні қап-қара, жоны қып-қызыл бір түлкі бұлаң етіп қаша жөнелді. «Ал кеттіні» қағып түлкі соңынан шаба жөнелдім. Менің айғайым тау басындағыларға да естіліп, олар бүркіттерінің томағаларын ағыта бастапты. Бүркіттердің көзі түлкіні шалып қалып, бірінен соң бірі аспанға қарай тік көтеріліп, қалқи ұшып бара жатты.

Әлден соң түлкі Қара үңгір тауының оңтүстігіндегі Ырғайлы шыңына тартты. Тау басындағылар да түлкіге қарай лап қойды. Жер де айғай, көк те айғай. Сегіз бүркіттің ішінен екі бүркіт қатарласа самғап, түлкі асқан дөңеске қарай түйіліп келеді. Көп ұзамай-ақ олардың бірі «Ақшоқы» қойтасына жоқ болып кетті де, лезде қайтадан тік көтерілді. Екінші бүркіт те көз алдымыздан ғайып болды. Әлден соң алғашқы бүркіт та-

ғы да төмен қарай кенет түйілді. Аңшылар жарыса шауып, Ақшоқы қойтасына келіп жетті.

— Не бүркіттер зақым болды, не түлкіні ұстады,— дейді олар.

Аңшылар қойтасты шыр айнала аралап келеді. Бір мезетте шөккен түйедей ақшыл тастың үстіне екі қанатын жая, етпетінен құлап жатқан бүркіт көрінді. Аңшылар кезекпе-кезек аттан түсіп, бүркіттің неліктен мерт болғанын байқады. Бүркіт аспаннан түйіліп келіп қалғанда, түлкі осы тастың ығына бұға қалыпты да, бүркіт тасқа соғылыпты. Бүркіт иесі Қасеннің көңілі жабырқағандай. Мұны сезген аңшылар «бас садағасы» деген сөздерді айтып, оны жұбатумен болды. Қасен бүркіттің аяғындағы балақ бауын шешіп алды да, тіл қатпаған қалпында атына қарай беттеді.

Аңшылар екінші бүркітті — қара балапанды іздеумен болды. Олар түлкінің ізіне түсіп отырып, Ақшоқының қара үңгір жақ беткейіне бұрылды. Тау етегінде ноқаттай болып бір зат көрінді. Аңшылар солай қарай шаба жөнелісті. Олар жетіп келсе, қара балапан тірі, алдында үлкендігі кішігірім қасқырдай қара бауыр, қызыл түлкі сұлап жатыр. Қара балапан түлкінің басын құйрығына қайырып, белдемесін үзіп жіберген екен.



Біреулер менің әкемді құттықтап жүрсе, енді біреулері түлкіні маған байла деп жабысып жүр. Бәлтеш тұрды да:

— Бүркіттің алғашқы ұстаған түлкісін ешкімге байлауға болмайды. Бұл түлкі Әбекеннің баласы мына Мауиянікі — деп түлкіні менің қанжығама байлады.

Бұдан кейін аңшылар бүркіттеріне Ақшоқы тауының ойпатынан бес қоян алдырып, күн бата ауылға қайтты. Осы кеште олар біздің үйде қонақта болып, әбден тыныққаннан кейін ертең тағы да аңға шығуды ұйғарды.

Сәске көтеріле шай да ішілді. Аңшылар жүру жабдығына кірісіп, бұл жолы Белағаш тауына баруға келісті. Мен бұл жолы Сарқасқа тазымды ерте шықтым. Өйткені, кешегі кездескен түлкі лезде көз жаздырып, мені біраз әуреге салғанды. Сонда тазымды ерте шықпағанымға қатты өкінген болатынмын. Бүркітшілер жолшыбай Ақшоқы тауын тағы да аралай кетпекші болып келе жатыр.

Аңшылар тау бөктеріндегі қара шілікті қағу үшін солай қарай бұрылды. Біз екі-екіден бөлініп, шілік бойын сүзіп келеміз. Көп ұзамай-ақ менің алдымнан жаңа ғана жүріп кеткен жалғыз қасқырдың ізі кездесті. Сарқасқа тазы ізді иіскелеп, жетелеп келе жатқан шынжырды тістелей бастады. Сарқасқа қыңсылап болмаған соң, шынжырын ағыттым да, қоя бердім. Сол-ақ екен, ол ізге түсіп алып құйғыта жөнелді. Тазы алға қарай ұмтылғанда астымдағы құнаным да елегізіп ойнақши берді. Мен тізгінімді қыса ұстап, шоқытып келемін.

Сарқасқа сол жақтағы қалың шілікке қарай тартты. Бір кезде, құнан өгіздей бір қасқыр бізді көлденеңдеп жөнеле берді. Арғы беттегі аң қағушылардың көзі қасқырды менен бұрын шалып қалуы керек, олардың «кетті, кетті» деген дауыстары бұрынырақ шықты. Мен де барлық дауысыммен айғайлап, атымның басын тазының соңынан қоя бердім. Сарқасқа қасқырды көре сала екі құлағын жымитып алып, ауызын арандай ашып қуа жөнелді.

Қарсы белестен аса бергенде, қасқыр мен тазының қатарласа айқасқанын байқап қалдым. Қасқыр мен тазыны тау басындағы бүркітшілер де көріп қалған болу керек, бір бүркіт кенеттен аспанға қарай тік ұшып, лезде төмен қарай шүйілді. Бүркітшілер тауды бөктерлей, тым-тырақай шауып келеді.

Бүркіт төмен қарай құлдилағанда, мен сескеніп қалдым. Өйткені, кейде бүркіттер

жаңылып тазыға түседі дегенді әкемнің әңгімесінен талай рет естіген болатынмын. Мен осы ойдың тұңғығынан шыға алмай келемін. Әлден соң қарсы алдымдағы дөң басына шыққанымда, Сарқасқа қасқырды тақымдап жүр екен. Осы мезетте аспаннан түйіле аққан әлгі бүркіт қасқырға келіп құйыла түсті. Бір аяғының тұяғы қасқырдың қақшекесіне, екінші аяғының тұяғы жотасына қадалыпты. Біз жақындай бергенде Сарқасқа мен қара балапан қасқырды алып ұрып, сығымдап жатты. Мен қуанғандықтан ат үстінен жерге ұшып түсе жаздадым.

Қасқыр әбден өлгеннен кейін қара балапан тырнақтарын біртіндеп босатып, шеткері жатқан кішірек тастың үстіне келіп қонды. Сарқасқа құйрығын бұлаңдатып, менің қасыма келіп еркелеп басыма секірді. Аңшылар өлген қасқырды айнала қоршап, құйрығының бір-ақ тұтам қысқалығына, қыр арқасына дейін біткен жалына таң қалысты. Әкем қасқырды аңшылардың ақсақалы Бәлтешке байлады.

Сөйтіп, қара балапан мен Сарқасқа тазы сегіз жыл бойы бірлесіп қасқыр, түлкі алып жүрді. Шынында аспандағы күс пен жердегі хайуанды татулыққа үйретіп, аң ұстауға баулу оңай емес, шырақтарым, менің әкем құстың да, тазының да «тілін» тауып осылай үйретті. Қара балапан мен Сарқасқа тазының татулығы сонша, екеуіне бір ыдыспен бермесең тамақ та ішпейтін еді, — деп Мауия қарт бала кезін есіне алды. Үйде отырғандардың барлығы аңшы қарттың әңгімесін ұйып тындап қалыпты. Бір кезде біз қарттан өткен жылғы аңшылық жайын айтуын өтіндік. Ол сәл ойланып алды да, әңгімесін жалғай берді.



— ... Бұл өткен жылдың жайма шуақ күндерінің бірі болатын-ды. Мен өздеріңіз көрген үш тазымды ертіп, мойныма бесатар мылтығымды асынып, арнасы кең айбынды Ертістің шығыс жақ жиегін қуалап келе жаттым. Күн өте ыстық болатын. Аманкелді атындағы колхоздың отыз тоғыз ешкісін қасқыр қуып кетіпті деген өткен күнгі хабар ойымнан әсте кетер емес. «Жанбаба» қыстағына қарай бұрылдым. Көп ұзамай «Жанбаба» сыртындағы Теренқұдық жайылымына келіп жеттім.

Әлден соң үш тазы қатарынан алға қарай құйындата жөнелді. Бұлар бірдененің иісін білді ме деп мен де тазылардың сонынан шаптым. Қалың қурайдың ішінде тазылардан көз жазып қалдым. Дүрбімен қарап едім, ешнәрсе байқалмады. Қурай ішін аралап жүріп келемін. Көп ұзамай-ақ жапырылған көкшөпке кездестім. Жан-жағыма қарасам, үш тазы қатарынан көкшөп үстінде көсіліп жатыр екен. Мен жақындай бергенде, бұлар біртіндеп түрегеле бастады. Тазыларым қасқырдың сегіз бөлтірігін өлтіріп, үйіп қойыпты. Мен аттан түстім де, бөлтіріктердің тілерсектерін тесіп, тізбектеп байластырдым.

Сол мезетте қалың қурайдың іші сытырлағандай болды. Атыма дереу қарғып міндім де, дыбыс шыққан жаққа қарай тұра шаптым. Жетіп келсем, қасқырдың екі қаншығы, бір арланы топ ешкіні қуып келеді екен. Ешкілер мені көрді де, маңыраған бетімен маған қарай жүгірді...

Ешкілерді Аманкелді атындағы колхозға айдап апарып, аман табыс еттім. Колхозшылар маған үлкен алғыс айтты. Қаладағы антерілерін қабылдайтын мекеме 8 бөлтірік үшін 4 070 сом сыйлық берді.

— Сонымен өткен жылы қанша аң ұстайсыз? — дедік біз сабырсызданып.

Мауия қарт қағаз салған папканы біздің алдымызға жайды да, квитанцияларды есеп шотқа салып: — он алты қасқыр, сексен түлкі, тоқсан сегіз қарсақ ұстаппын, — деді.

— Биыл ше?

— Қарсақ, қояндарды қоспағанда, елу түлкі, он төрт қасқыр ұстадым.

Біз қартпен көп әңгімелестік. Оның қуатты денесі мен нұры таймаған жанарынан өз мамандығына деген зор құштарлығын аңғардық.

Қарт аңшы Әбікеев Мауияның адал еңбегі де бағаланды. Ол биыл Москваға Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне барып келді.

С. Бапиев

Павлодар.



Кеш. Аула төрінде үлкен терек көлеңкесінде кітап оқып отырғанмын. Кенет тарс-түрс дыбыс шығып, басымды көтердім. Қарасам, көршімнің біріншіде оқитын баласы өзінің ақ лағын ышқынта қуып жүр.

Бір кезде жетті-ау лаққа. Мүйізінен ұстап алып басқа-басқа төпелеп жатыр. Осы кез үйден әжесі шығып қалды. Сол-ақ екен:

— Әй, жүгермек, ұрма лақты! — деп шанк етті әжесі.

Күтпеген жерден шыққан дауыстан селк еткен Төлтай лақтан айрылып қалды. Төніп келген әжесінен қашпай тымырайып тұр.

— Неге ұрасың! Өй, бұзық! — деп жекіреді әжесі.

— Лақ бұзық! — дейді Төлтай.

— Сен бұзық, тәртіпсіз!

— Өзі тәртіпті ме? Неге еккен ағашымды құлатады?! — деп ренжиді Төлтай.

Қараймын. Әлгіде ғана қоржандап терезе алдына отырғызып жатқан жас ағашы құлап қалыпты. Оны көрген әжесі:

— Жә, екеуің де оңып тұрған жоқсындар... — деді де, қолын сілтеп жөніне кетті.

— Маған ұрысады, лаққа ұрыспайды, — деп бұртандаған Төлтай құлап қалған ағашты тұрғызып жатыр.

МЕЙРІМДІ ҚЫЗ

Бірде колхоз кеңсесіне бара жатып, көшеден бір ойыншық тауып алдым. Қәдімгі қуыршақ. Басына көк тақия, үстіне ақ көйлек, кара труси кигізіп, құнтитып қойыпты.

«Кімдікі болды екен? Бір бала ойнап жүріп ұмытып кетті-ау, ә?» — деп олай-бұлай алақтай қарадым. Көшенің қарсы бетіндегі қызыл қақпалы ауладан бес-алтылар шамасындағы қыз бала жүгіріп шыға келді. «Е, қуыршақ осы баланікі болды ғой», дедім де солай қарай жүрдім.

Дөңгеленте қиған қара шашы желбіреп, топ-томпақ кішкене қара қыз алдымнан шықты.

— Жөндеп көтермейсіз бе?! — деді ол ұшырасқан бетте маған бұртия карап.

— Не дейсің? — дедім оған түсінбей.

— Бөпенің қолы сынады, — деп ол менің қолымдағы қуыршаққа жармасты.

Сонда барып байқадым, қуыршақты қолынан салбырата ұстап келеді екенмін.



АҢҚАУ ШАЛ

Ертеде бір аңқау шал болыпты. Ол бір күні базардан үйіне керосинмен жанатын шам алып келіпті. Кешкі мезгіл. Шал шам жағды, шынысын салады. Білтесін көтереді. Шам парлап кеп жанады. Жап-жарық.

Шал қуанады. Осы кезде көршісі келеді.

— Түү-у, мына шамның жарығын-ай! — деп таңданады ол.

Шал жақтырмай қалады.

— Көзің тиеді ғой, тәйір. Түкір! — дейді.

Көршісі шалдың көңлін қимай шамға түкіріп кеп жібереді. Сол-ақ екен, қызып тұрған шыны шарт сынып, саудырап түсе қалады.

Сонда аңқау шал:

— Қап, айттым ғой, көзің тиді жаңа! — деп ренжіген екен.

Н. Сералиев

БІЛІП АЛ!

МУЗ АЙДЫНЫН ҚАЛАЙ ЖАСАУ КЕРЕК!

Балалар, мұз айдынында қарлығашша қалықтаған шебер конькишілерді сендер талай көрдіңдер. Өздерің де сабақтан қолдарың бос кездерінде мұз алаңына барып коньки тебуді жақсы көресіңдер. Қысты күндері коньки, шаңғы тебу қажет нәрсе. Таза ауада спортпен шұғылдану адамды ширақтыққа, шымырлыққа баулиды.

Көп оқушылар коньки тебуді жақсы көргенмен, мектеп жанындағы спорт алаңдарына мұз қатыруға онша мән бермейді. Ол дұрыс емес. Әр мектептің жанынан қысты күні мұз алаңын жасауға болады.

Бұл үшін дайындықты алдын ала жүргізген жөн. Күздің соңғы айларында-ақ мектеп алаңын шөп-шамдардан тазартып, оны әбден тегістендер. Құйған су сыртқа ағып кетпеу үшін алаңның айналасын 10—15 сантиметрдей биіктету керек.

Суық түсе бастасымен-ақ мұз қатыруға кірісіңдер. Ол үшін ең алдымен алаңға су сеуіп дымқылдандырыңдар. Дымқылдандыру арқылы өте жұқа мұз қабыршақтары пайда болады. Сонан соң барып сол мұз қабыршақтарының үстіне суды аз-аздап тағы шашыңдар. Суды бірден көп шашуға болмайды. Егер, су көп шашылса, мұздың бетінде кедір-бұдыр төмпешіктер пайда болады. Суды алаңның барлық жеріне бірдей мөлшермен шашу керек. Мұз қатырып өткен жерлеріңді бүлдірмеу үшін суды алаңның шетінен бастап шашыңдар, міне, сонда ғана жап-жалтыр мұз айдыны жасалады. Қар жауған сайын алаңды сыпырып отыру оқушылардың өз міндеті. Жақсы конькиші болам деген әр оқушы қыста өз мектебінің жанында мұз алаңы болуына ат салысуы керек.

ЕКІ ШІБІР

АРАБТЫҢ ХАЛЫҚ ЕРТЕГІСІ

Бір адам жаңғақ ағашының салқын көлеңкесінде жатып ойға шомыпты. Зәулім ағаштың бұтағында жыпырлап тұрған жаңғаққа көңілі толмаған ол, бақшадағы жіңішке сабақтың бойына шыққан нән-нән асқабақтарға да риза болмапты.

— Дүние дұрыс жаралмаған,— депті ол қиналып,— егер дүние дұрыс жаралса, кішкентай жаңғақ жіп-жіңішке асқабақтың са-

бағына өсер еді де, ал үлкен асқабақ жуан да зәулім ағаш бұтағына шығар еді.

Дәл осы кезде жаңғақ ағашының бұтағынан бір жаңғақ үзіліп, оның маңдайына келіп тиіпті.

— Ойбай,— деп айқайлапты әлгі адам.— Егер жаңғақ ағашының бұтағынан асқабақ үзіліп маңдайыма түссе, менің өлмегенде нем қалар еді. Дүние дұрыс жаралған екен,— деп мойындапты ол ақыры.

ТЕАТРҒА БАРҒАНДА

Театрға ойын басталудан 10—15 минут бұрын барған жөн. Театрға бару үшін ерекше костюм киюдің керегі жоқ. Мектеп формасын киіп барсаң, тіпті жақсы. Бірақ, ол костюмнің мұқият үтіктелген болсын. Театрға аяқ киімдеріңді де әбден тазартып баруға тырысыңдар.

* * *

Өз орныңа бару үшін бұрын отырған адамдар болса, оларға жүзіңді қаратып жүргенің дұрыс болады.

Егер қатар отырғандар сенен кейін келсе, орныңнан тұр, олардың өз орнына өтіп кетуіне мүмкіндік бер.

* * *

Ойын жүріп жатқан кезде әңгімелеспе. Өзің көрген ойын туралы пікіріңді үзіліс кезінде ғана айтуға дағдылан.

* * *

Пальтоңді гардеробқа өткізгенде берген номерді қолыңа ұстап жүрмей, қалтаңа салып қой. Әйтпесе, байқаусызда еденге түсіріп алып, ыңғайсыздануың мүмкін.

Егер, билетіңде көрсетілген орынға басқа біреу отырып қалса, айқайлап шу шығарма. Жағдайды билет сатушыға хабарла. Ол мәселені әрі тез, әрі әділ шешеді.

* * *

Ойын жүріп жатқан кезде тамақ жеуші болма. Үзіліске дейін шыда.

* * *

Музыканың ырғағына қосылып, аяғыңды тыпырлатпа.

Ойын бітпей орныңнан тұрушы болма. Шымылдық жабылмай, ойын бітпейтінін әрқашан есінде ұста.

Мұқабаның бірінші бетінде К. Барановтың: «Қан сонарда бүркітші шығады аңға» деген суреті.

Редколлегия мүшелері: Баранов К., Бегалин С., Дарқанбаев Т., Ергалиев Х., Иманжанов М., Ыбраева А., Ыдырысов Р. (редактор), Қирабаев С., Нұрқатов А., Нұрғазин М.

Техникалық редактор И. Перлов

г. Алма-Ата, проспект Сталина, дом 79, редакция журналы «Пионер»

Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Республикалық газет-журналдар баспасы.

Подписано к печати 23/XI 1957 г. УГ06362. Бум. 84×108^{1/16}—0,75 бум. 2,46 п. л. Тираж 26608 экз. Полиграфкомбинат Главиздата Министерства культуры КазССР Заказ № 1975.

927075

СЕН БІЛЕСІҢ БЕ?

70-ке келген адам 23 жылын төсекте жатуға, 13 жылын сөйлеуге, 6 жылын тамақ ішуге, 1,5 жылын жуынуға жұмсайды екен.

ДҮНИЕДЕГІ ЕҢ ЫСТЫҚ ЖЕР

Метеорология ғылымы ең ыстық жерді жаз айында ғана анықтайды. Мұндай ыстық жер СССР-дың Оңтүстік Азия бөлігіндегі Термеза қаласы тұрған аудан. Июль айында бұл жерде күннің ыстықтығы $+31,5^{\circ}$ тан $+50^{\circ}$ қа дейін барады.

Дүние жүзіндегі ең ыстық жер Африкадағы Италияның бұрынғы Сомали деген ауданы. 1936 жылы жазда бұл ауданның көленке түскен жерінің ыстықтығы $+63^{\circ}$ қа жеткен.

СЕНДЕР ФИЗИКАНЫ БІЛЕСІҢДЕР МЕ?

Бір портта екі кеме қатар жүзіп келе жатты. Кеменің біреуі үлкен де, екіншісі кіші. 100 метр жер қатар жүзіп келіп кіші кеме шұғыл бұрылып, тұмсығымен үлкен кеменің бортын майыстырды.

Кіші кемеге жол бермегені үшін үлкен кеменің капитанын сот айыптады. Физика ғылымы бойынша соттың шешімі дұрыс па?


ТАМАҚТАНЫП ОТЫРҒАНДА КІТАП ОҚУДЫҢ ЗИЯНЫ

Біздің ішкен тамағымыз асқазанда қорытылады. Тамақты қорытуға асқазаннан бөлінетін сұйық зат (сок) көмектеседі. Егер тамақ ішіп отырғанда ойың басқа жақта болса, немесе, кітап оқысаңдар асқазандағы сұйық зат (сок) өте аз мөлшерде бөлінеді. Және тамақ ішіп отырып кітап оқығанда жеген қою тамақ аз шайналады да, жұмсармайды. Бұл да тамақтың асқазанда қорытылуына кедергі жасайды. Демек, тамақтанып отырғанда кітап оқу дұрыс емес екен. Мұндайда кітаптың бетін былғап алуың да мүмкін. Өзің оқыған жақсы кітапты басқаның да оқуға тиіс екенін ұмытпау керек.

Демалыс Уақытында

БОТАНИКАЛЫҚ ЧАИНВОРД

ЖАУАП



1. Қалпақты саңырауқұлақ, 2. Өсімдіктегі органикалық зат, 3. Орманда өсетін көп жылдық шөп, 4. Қылқан жапырақты ағаш, 5. Жеміс ағашы, 6. Декорациялы бұта, 7. Клетканың бөлшегі, 8. Микроскоптың бөлшегі, 9. Совет ғалымы, 10. Жүгерінің дәні, 11. Дәмді жеміс, 12. Жерге себілетін дәп, 13. Табиғатты өзгертуші ұлы ғалым, 14. Гүл, 15. Мүк, 16. Саңырауқұлақтың түрі.

Жіберген Қ. БАКИШЕВ, Семей облысы, Ақсуат ауданы, Базар жетіжылдық мектебі.

«Пионер» журналының 10-санындағы криптограмманың жауабы.

«Қанжар қаншама өткір болса да, адам тілі одан өткірірек».


Дұрыс жауабын бірінші жібергендер: Е. Елубаев (Жамбыл облысы, Қордай ауданы), Қ. Жақыпбекова (Талдықорған облысы, Бөрлітөбе ауданы), А. Нүсенова (Оңтүстік Қазақстан облысы, Сайрам ауданы), Т. Абдықадыров, Р. Мұбаракбаева (Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданы), Б. Мерғалиев (Алматы облысы, Шелек ауданы), Ш. Базарқұлова (Жамбыл облысы, Луговой ауданы), Қ. Күлшінбаева, Ж. Жапарқұлова (Жамбыл облысы, Талас ауданы), А. Кәріпжанов (Семей облысы, Аягөз ауданы).

ЖҰМБАҚТАР

1. Қозғалмайды, үш аяқпен тұрады, Ауыл көшсе, шаңырақта тұрағы.
2. Дәмді-дәмді тағамдарды жинайды, Қонақтарды көңілдене сыйлайды.
3. Жазылады, сынбайды, Жиоға да ыңғайлы.

А. САРБӨПИН,

РЕБУС



Мына ребусты шешкенде қазақ халқының мақалы шығады.

Құрастырған Т. ИМАНБАЕВ.

СЫНШЫЛАР

МЫСАЛ

Талайдан бір-біріне болған араз
Достасты бір күн кенет қарға, қораз.
Олардың әңгімесі үйрек болды,
Байғұсты мақтау жағы сирек болды.
— Бір түрлі аяғы да жалпақ табан,
Жүрісі жүріс емес, талтақтаған.
Тұмсығы сүйір емес, молтақ тұмсық,
Онымен нені шоқыр, нені шымшып.

Қып-қызыл төбесінде айдары жоқ.
Азанда, түсте шырқап айтары жоқ.—
Деп қораз тоқтап еді, жалғап қарға:
— Түсіндім,— деді,— досым, өрі барма,
Ол үшін қайтеміз біз артық дауды,
Соны айтшы, біле ме өзі қарқылдауды!..
Ө. ТІЛЕУБЕКОВ.
Қарағанды облысы.

УАҚЫТТЫ ДҰРЫС ПАЙДАЛАНБАЙ...



Үйден шыға алдымен
Зымырады шаңғымен.



Тағып алып конькиді
Мұз бетінде қалқиды.



Мініп алып шанаға
Сайран салды далада.



Ертеңінде өкініп
Алды баға «екілік».